

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӨЛІК МИНИСТРЛІГІНІҢ
АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ КОМИТЕТІ
МИНИСТЕРСТВО ТРАНСПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КОМИТЕТ АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ**

**ВЕДОМСТВОЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ
ВЕДОМСТВЕННЫЙ СВОД ПРАВИЛ**

**АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫНДАҒЫ КӨПІР ҚҰРЫЛЫСТАРЫНЫҢ
КӨЛІКТІК-ПАЙДАЛАНУ ЖАЙ-КҮЙІН БАҒАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ**

ВЕЖ 7.2-002-2024

**МЕТОДИКА ОЦЕНКИ ТРАНСПОРТНО - ЭКСПЛУАТАЦИОННОГО
СОСТОЯНИЯ МОСТОВЫХ СООРУЖЕНИЙ НА АВТОМОБИЛЬНЫХ
ДОРОГАХ**

ВСП 7.2-002-2024

**Ресми басылым
Издание официальное**

Астана 2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӨЛІК МИНИСТРЛІГІНІҢ
АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ КОМИТЕТІ

ВЕДОМСТВОЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ

АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫНДАҒЫ КӨПР ҚҰРЫЛЫСТАРЫНЫҢ
КӨЛІКТІК-ПАЙДАЛАНУ ЖАЙ-КҮЙІН БАҒАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ

ВЕЖ 7.2-002-2024

Ресми басылым

Астана 2024

Алғысөз

1 ӘЗІРЛЕДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗДІ

«Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамы
(«ҚазжолҒЗИ» АҚ)

**2 БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА
ЕНГІЗІЛДІ**

Қазақстан Республикасы Көлік
Министрлігі Автомобиль жолдары комитеті
Төрағасының 2024 жылғы «25»
қарашадағы № 144 бұйрығымен

3 КЕЛІСІЛДІ

"ҚазАвтоЖол "ҰК" акционерлік қоғамы
2024 жылғы "22" қарашадағы № Исх. 12-
01/12-01/3900-И.

"Жол активтері сапасының ұлттық
орталығы" ПБХ РМК 2024 жылғы "22"
қарашадағы № Исх. 03/1963 хатымен.

4 АЛҒЫШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Құжат Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорында (<https://new.shop.ksm.kz/egfntd/ntdgo/>) сондай-ақ, «InfoZhol – <http://infozhol.kad.org.kz>» электронды мәліметтер базасында қол жетімді

Осы ведомстволық нормативтік техникалық құжатты Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды

Мазмұны

1	Қолдану саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер мен анықтамалар	2
4	Белгілер мен қысқартулар	5
5	Жалпы ережелер	5
6	Көпір құрылыстарын тексеру кезінде ақауларды анықтау	6
7	Параметрлерді анықтау және ақаулар санаттарын тағайындау	9
8	Техникалық жай-күйді жалпы бағалау және техникалық жай-күйдің санатын белгілеу	12
9	«Пайдалану қауіпсіздігі» өлшемшарты бойынша көпір құрылысының техникалық жай-күйін бағалау	18
10	Жол жүру габаритінің көрсеткішін, жүру бөліктің габаритінің көрсеткішін, көпір асты габаритінің көрсеткішін айқындау	20
11	Көпір құрылысының техникалық жай-күйін мүлтіксіздігі (жүк көтергіштігі) бойынша бағалау	22
12	Көпір құрылысының техникалық жай-күйін беріктігі бойынша бағалау	23
13	Көпір құрылысының ақауының жалпыланған параметрін анықтау	24
14	Көпір құрылысының техникалық жай-күйінің жалпыланған көрсеткішін айқындау	28
15	Жөндеу әсерінің көрсеткішінің түрін анықтау және жөндеу жарамдылығы бойынша көпір құрылысының техникалық жай-күйін бағалау	29
16	Библиография	31
17	А қосымшасы (міндетті) Көпір құрылысының техникалық жай-күйін бағалау тәртібі	32
18	Б қосымшасы (міндетті) Көпір құрылысының техникалық жай-күйі санаттарының сипаттамалары	37
19	Б қосымшасы (ақпараттық) Қауіпсіздік бойынша көпір құрылысының техникалық жай-күйінің көрсеткішін анықтау	39
20	Г қосымшасы (міндетті) Жүк көтергіштігі бойынша көпір құрылысының техникалық жай-күйінің көрсеткішін анықтау	41
21	Д қосымшасы (міндетті) Негізгі құрылымдардың беріктігі бойынша техникалық жай-күйінің жеке көрсеткіштерін анықтау	47
22	Е қосымшасы (міндетті) Жөндеу арқылы әсер ету түрінің көрсеткішін анықтау	52
23	Ж қосымшасы (міндетті) Жол жүру габаритінің көрсеткішін, жүру бөлігінің габаритінің көрсеткішін, көпір асты габаритінің көрсеткішін тағайындауға арналған сәйкестік шарттары	55
24	З қосымшасы (міндетті) Ақаулықтың негізгі параметрін негізгі құрылымдар мен көпір құрылымдарының беріктігі бойынша анықтай алатын элементтер, ақаулар	58

ВЕЖ 7.2-002-2024

350.004

- | | | | |
|----|--|---------------------------------------|----|
| | К қосымшасы (міндетті) | Ақаулықтың негізгі параметрін негізгі | |
| 25 | құрылымдар мен көпір құрылымдарының беріктігі бойынша анықтай алмайтын элементтер, ақаулар | | 60 |
| | Л қосымшасы (міндетті) | Ақаулықтың негізгі параметрін негізгі | |
| 26 | құрылымдар мен көпір құрылымдарының беріктігі бойынша анықтай алатын элементтер, ақаулар | | |
| | М қосымшасы (міндетті) | Ақаулықтың негізгі параметрін негізгі | |
| 27 | құрылымдар мен көпір құрылымдарының беріктігі бойынша анықтай алмайтын элементтер, ақаулар | | |

1 Қолдану саласы

Осы ведомстволық ережелер жинағы (бұдан әрі - ВЕЖ) барлық санаттағы жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарындағы көпір құрылыстарының техникалық жай-күйін тексеру және бағалау және жөндеу-қалпына келтіру іс-шараларын тағайындау жөніндегі қағидаларды белгілейді.

Осы ВЕЖ бүкіл өмірлік циклі бойы жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарындағы көпір құрылыстарының барлық түрлерін жаңадан салынған, пайдаланымдағы, жөндеуден, күрделі жөндеуден және қайта құрудан кейін зерттеу және сынақ нәтижелері бойынша техникалық жай күйді бағалау кезінде қолданылады.

Техникалық жағдайды бағалау әдістемесін қолдану оны көпір құрылыстарын басқару жүйесі шеңберінде автоматтандырылған аналитикалық ақпараттық жүйелерде көпір құрылыстарын зерттеу жұмыстарын жүргізетін мамандандырылған ұйымдар қолданған кезде әсіресе тиімді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы әдістемелік құжатта мынадай құжаттарға нормативтік сілтемелер пайдаланылды:

ҚР СТ 1053-2011 Автомобиль жолдары. Терминдер мен анықтамалар

ҚР СТ 1125-2021 Жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдары. Жол белгілері. Жалпы техникалық талаптар

ҚР СТ 1379-2012 Автомобиль жолдарындағы көпір құрылыстары мен су өткізу құбырлары құрастырылымдардың жақындау габариттері.

ҚР СТ 1380-2017 Автомобиль жолдарында көпір құрылымдары. Жүктемелер мен әсерлер

ҚР СТ 1412-2017 Жол қозғалысын реттеудің техникалық құрылдары. Қолдану ережелері

ҚР СТ 1856-2019 Автомобиль жолдарындағы көпір құрылымдары және суөткізгіш құбырлар зерттеуге және сынауға қойылатын талаптар

ҚР СТ 2983-2017 Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Геометриялық элементтер. Техникалық талаптар

ҚР ЕЖ 1.03-103-2013 Құрылыстағы геодезиялық жұмыстар

ҚР ЕЖ 3.03-101-2013 Автомобиль жолдары

Қ ЕЖ 3.03-112-2013 Көпірлер мен құбырлар

ҚР ЕЖ 3.03-113-2014 Көпірлер мен құбырлар. Тексеру және сынау ережелері

ҚР ЕР 218-27-2014 Автомобиль жолдарының көліктік-пайдалану жай-күйін диагностикалау және бағалау бойынша нұсқаулық

ГОСТ 26433.2-94 Құрылыстағы геометриялық параметрлердің дәлдігін қамтамасыз ету жүйелері. Фигуралар мен құрылыстардың параметрлерін өлшеуді орындау ережесі

ГОСТ 26607-85 Құрылыстағы геометриялық параметрлердің дәлдігін қамтамасыз ету жүйесі. Функционалдық рұқсаттар

ГОСТ 26775-97 Ішкі су жолдарындағы көпірлердің кеме қатынасы аралықтарының көпір асты габариттері. Нормалар мен техникалық талаптар

ГОСТ 31994-2013 Жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдары. Автомобильдерге арналған бүйірлік жол қоршаулары. Жалпы техникалық талаптар

ГОСТ 33383-2015 Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Геометриялық элементтер. Параметрлерді анықтау әдістері

ГОСТ 33475-2015 Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Геометриялық элементтер. Жалпы техникалық талаптар

ВСН 32-89 Пайдаланымдағы автожол көпірлерінің темірбетонды арқалық аралық құрылыстарының жүк көтергіштігін анықтау жөніндегі нұсқаулық

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы әдістемелік құжатта тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылды:

3.1 Ақаулардың түрі: Бір немесе бірнеше белгілердің (пайда болу себептері, пайда болу механизмі, сыртқы көріністер және ықтимал салдарлар бойынша жіктеуден басқа басқа белгілер және осы ақаудан болатын болжамды залалды сапалы бағалау) ортақтығы бойынша құрылған жіктеу тобы.

3.2 Құрылыстардың жақындау габариті: Көпір немесе басқа құрылыстар мен оларда орналасқан құрылғылардың, сондай-ақ қиылысатын инженерлік желілер мен коммуникациялардың қандай да бір элементтері қысылмауы тиіс шекті көлденең кескін (жүру бөлігінің осіне перпендикуляр жазықтықта).

3.3 Жүк көтергіштігі: Нормативтік уақыт жүктемелерінің ең үлкен кластарына және оның нақты жай-күйін ескере отырып, ең әлсіз тірек құрылымының бірінші тобының шекті жай-күйі басталатын эталондық автомобиль жүктемелерінің ең үлкен мөлшеріне сәйкес келетін көпір құрылысының сипаттамасы.

3.4 Көпір құрылысындағы ақау (ақау): Көпір құрылысындағы нормативтік-техникалық және (немесе) конструкторлық (жобалау) құжаттаманың белгіленген талаптарына сәйкес келмейтін әрбір жеке сәйкессіздік.

Ескертпелер - 1 Ақаулар құрылымдық қателердің (құрылымдық ақаулар), дайындау, салу сатысында (құрылыс ақаулары) немесе пайдалану кезеңінде (пайдалану ақаулары) пайда болуы мүмкін. Өндірістің немесе құрылыстың ақауы нысанның техникалық жай-күйі параметрінің мәнінің технологияның бұзылуынан, оның кемшіліктерінен және құрылыс немесе жөндеу жұмыстарын орындау кезеңіндегі басқа да себептерден туындайтын өндіріске, құрылысқа қойылатын талаптарға сәйкес келмеуін білдіреді. Пайдалану кезінде пайда болған ақау - бұл нысанның техникалық жай-күйі параметрінің нақты мәні белгіленген шекті рұқсат етілген мәндерден шыға отырып, техникалық жай-күйді бақылау кезінде тіркелген жинақталған зақым. Сондай-ақ, тозудың табиғи үдерістеріне, физикалық тозуға, ескіруге, сыртқы ортаның теріс әсеріне, сондай-ақ моральдық тозуға байланысты пайдалану кезінде пайда болған деградациялық ақаулар бар.

«Ақау» термині «жарамсыздық» және «ітен шығу» терминдерімен байланысты, бірақ олардың синонимі емес. Жарамсыз күйде нысанда бір немесе бірнеше ақаулар болуы мүмкін. Ақау істен шығу күйін көрсетуі мүмкін - қажетті функцияларды орындау қабілетінің жоғалуымен сипатталатын оқиға немесе басқа жағдай. Нысанның істен шығуы онда бір немесе бірнеше ақаулар пайда болған кезде, белгіленген шектен шыққан техникалық күй параметрі осы нысанның жұмысын анықтайтын жағдайда ғана пайда болуы мүмкін.

3.5 Тозу: Элементтің функционалдық қасиеттерінің төмендеу дәрежесін көрсететін жай-күйінің көрсеткіші.

3.6 Көпір құрылыстарын күрделі жөндеу: Нысандардың класын, санатын және (немесе) жұмыс істеуінің бастапқы белгіленген көрсеткіштерін өзгертуге әкеп соқпайтын және мұндай нысандардың бөлу белдеулерінің және (немесе) қорғау аймақтарының шекараларын өзгерту талап етпейтін көпір құрылыстарының параметрлерін өзгерту.

3.7 Техникалық жай-күйдің санаты (түрі): Нысанның сапасының осы нысанға техникалық құжаттамада белгіленген белгілі бір техникалық талаптарға сәйкестігімен немесе сәйкессіздігімен сипатталатын санат.

Ескертпелер – 1 Техникалық жай-күйдің санаты (түрі) осы уақыттағы айнымалы параметрлердің белгілерімен және тұрақты мәндерімен айқындалады.

2 Нысанның техникалық жай-күйдің бір санатынан екінші санатқа, ең нашар санатқа ауысуы әдетте моральдық тозу себебінен немесе зақымдану немесе істен шығу салдарынан болады. Жаңа күйге өтуге ықпал ететін нысанның нақты күйлерінің жиынтығы уақыт барысында өтетін және белгілі бір заңдылықтары бар нысанның өмірлік циклі деп аталады.

3.8 Ақаудың санаты: Кешенді тәуекел, техникалық жай-күйдің негізгі көрсеткіштеріне әсер ету бойынша осы ақаудың маңыздылығын көрсететін, сондай-ақ осы ақаудан болатын болжамды залалдың сапалық бағасын көрсететін жіктеу тобы.

Ескертпе - Көпір құрылыстарында елеусіз, маңызды, айтарлықтай, қауіпті және сыни ақау түрлері бар.

3.9 Құрылым: Белгілі бір функцияларды орындайтын (көтергіш, қоршаушы, қорғаныш және (немесе) басқалар) құрылымдық біріктірілген элементтерден тұратын көпір құрылысының бөлігі.

Ескертпелер - 1 Көпір құрылысында құрылымдар көпір құрылысының негізгі функционалдық қасиеттерін қамтамасыз ететін негізгі және негізгі емес (қосалқы) болып бөлінеді, мысалы, төтенше жағдайларда ғана қорғау мен қауіпсіздікті, пайдалану кезеңінде ұстаудың ыңғайлылығын және басқа да қосалқы функционалдық қасиеттерді қамтамасыз етеді.

2 Көптеген негізгі құрылымдардың тірек құрылымдарын ажыратады, олардың негізгі функциясы тұрақты және уақытша жүктемелерден күшті қабылдау болып табылады.

3.10 Көпір құрылысы: Жолды немесе өзге де коммуникацияларды табиғи немесе жасанды кедергі арқылы өткізуге арналған инженерлік құрылым (көпір, өтпе жол, эстакада және басқалар).

Ескертпе - Жасанды кедергілерге жасанды су айдындары, су арналары, автомобиль және темір жолдар, басқа да инженерлік құрылыстар, сондай-ақ кәсіпорындардың аумақтары, автомобиль жолы өтетін қалалық аумақтар жатады.

3.11 Көліктік-пайдалану жай - күйін бағалау: Құрылыс бойынша нақты қозғалыс жағдайларының нормативтік талаптарына сәйкестік дәрежесін айқындау.

3.12 Көпір құрылысының немесе құрылымының техникалық жай-күйінің параметрі: Оның қасиеттерін сандық сипаттайтын техникалық нысанның белгісі.

3.13 Көпір төсемесі: Нормативтік жағдайларды, көлік құралдары мен жаяу жүргіншілер қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ көпір үшін және тәсілдермен ұштастыра отырып, аралық құрылыста орналасқан барлық элементтердің жиынтығы. Жүру төсемесінің төсемін, жаяужолдарды, қоршау құрылғыларын, су бұру құрылыстары, жылыту және жарықтандыру құрылыстары, деформациялық жіктерді және кіреберістермен жұптастыруды қамтиды.

3.14 Көпір құрылысының немесе құрылымының техникалық жай-күйінің белгісі: Нысанның қасиеттерінің сапалық немесе сандық сипаттамасы.

3.15 Жол бөлігі: Көлік құралдарының қозғалысына арналған автомобиль жолының негізгі элементі.

3.16 Аралық құрылым: Көпір төсемінен, өз салмағынан, көлік құралдары мен жаяу жүргіншілерден жүктемелерді қабылдауға және жүктемелерді тіректерге беруге арналған барлық кеңістікті немесе оның екі немесе бірнеше тіректер арасындағы бөлігін жабатын құрылымдық біріктірілген элементтерден тұратын жүйе. Аралық құрылымдар көпір құрылымының негізгі тірек құрылымдарына жатады.

Ескертпе - Жалпы функционалдық мақсаттағы ұшу құрылымының элементтерін жеке ішкі жүйелердің элементтері ретінде қарастыруға болады - жүру бөлігінің элементтері, негізгі арқалықтардың элементтері (фермалар, арқалар), аспалы (ілулі) жүйенің элементтері, байланыс элементтері және т.б.

3.17 Көпір құрылымдарын қайта құру: Осындай нысандардың (қуаттылықтың, жүк көтергіштігінің және басқалардың) класының, санатының және (немесе) жұмыс істеуінің бастапқы белгіленген көрсеткіштерінің өзгеруіне әкеп соғатын немесе мұндай нысандардың бөлу белдеулерінің және (немесе) қорғау аймақтарының шекараларын өзгерту талап етілетін көпір құрылыстарының параметрлерін өзгерту.

Ескертпе - Көпір құрылысының қолданыстағы құрылымдарын ауыстыруды көздеу шаралары қайта құру жатады.

3.18 Жөндеуге жарамдылық: Нысанның қажетті функцияларды орындай алатын күйін сақтау немесе қалпына келтіру қабілеті.

3.19 Жүйе: Кейбір қажетті функцияларды орындау үшін құрылымдық және (немесе) функционалды түрде біріктірілген көпір құрылымының элементтерінің жиынтығы.

Ескертпе - Көпір төсемесі әдетте көпір төсемесінің төсемелерін, жаяужолдарды, қоршауларды, сондай-ақ көпір төсемесімен құрылымдық түрде біріктірілген су бұру жүйесінің элементтерін қамтиды.

3.20 Су бұру жүйесі: Көпір құрылымынан суды кетіруге арналған құрылымдар мен элементтер жиынтығы.

Ескертпе - Әдетте, су бұру жүйесінің көптеген элементтері тек функционалды түрде байланысты, бірақ құрылымдық жағынан бір-бірімен байланысты емес.

3.21 Көпір құрылысының көліктік-пайдалану жай - күйі (ТПК): Құрылыстың қозғалыс жағдайлары (жылдамдық, қауіпсіздік және өткізу қабілеті) бойынша өзінің функционалдық мақсатына сәйкестігін көрсететін жай-күй.

3.22 Техникалық нысан (нысан): Жобалау, салу, пайдалану, зерттеу, зерделеу және сынау кезеңдерінде жеке қарауға болатын белгілі бір нысаналы мақсаттағы кез келген функционалдық бірлік (жүйе, ішкі жүйе, элемент, құрылғы).

Ескертпе - Нысанщар көпір құрылыстары, құрылымдар топтары, құрылымдар, сондай-ақ олардың элементтері болуы мүмкін.

3.23 Көпір құрылысының техникалық жай-күйі: Белгілі бір уақытта нысанға нормативтік-техникалық және (немесе) құрылымдық (жобалық) құжаттамада белгіленген көрсеткіштермен, параметрлермен сипатталатын көпір құрылысының пайдалану үдерісінде өзгеріске ұшыраған қасиеттерінің жиынтығы.

Ескертпе - Көпір құрылымының күйі нысанның айнымалы қасиеттерін сипаттайтындығымен сипатталады.

3.24 Көпір құрылысының функционалдық қасиеттері: Көпір құрылысының негізгі мақсатын сипаттайтын қасиеттер - бақыланбайтын режимде есептік жылдамдықпен автомобильдердің қауіпсіз және жайлы қозғалысын, бақыланатын режимде ауыр көлік құралдарының, кемелердің өтуін және (немесе) белгіленген пайдалану уақыты ішінде жаяу жүргіншілердің өтуін қамтамасыз ету.

3.25 Эталондық автомобиль жүктемелері: Автомобильдер легін модельдейтін және олардың максималды массасын анықтауға қызмет ететін берілген құрылымның

уақытша тік жүктемелері, олар бақыланбайтын пайдалану режимінде көпір құрылымымен қауіпсіз өткізілуі мүмкін.

Ескертпе - Көлік құралдарын өткізу қауіпсіздігі көпір құрылысында осы жүктемелерден бірінші топтың шекті жай-күйінің туындау қаупінің болмауымен сипатталады.

3.26 Элемент: Талдау жүргізу кезінде одан әрі бөлшектеуге жатпайтын, есептеулерде қолданылатын дербес сипаттамалары бар және элементке қатысты жүйе болып табылатын күрделі нысанның мүддесі үшін белгілі бір жеке функцияны орындайтын біртұтас ретінде қарастырылатын күрделі техникалық нысанның құрамдас бөлігі.

Ескертпе - Элементтер аркалық, тақта, диафрагма, ригель және т.б. болуы мүмкін.

4 Белгілер мен қысқартулар

Осы әдістемелік құжатта мынадай белгілер мен қысқартулар қолданылды:

АК: Автомобильдерден нормативтік жүктеме (ҚР ЕЖ 3.03-112-2013)

НК: Ауыр жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралдарының нормативтік жүктемесі (ҚР ЕЖ 3.03-112-2013);

КАК: АК нормативтік жүктеме класы (ҚР ЕЖ 3.03-112-2013);

КНК: НК нормативтік жүктеме класы (ҚР ЕЖ 3.03-112-2013);

КЭТ: Нұсқаулыққа сәйкес үш осьті көлік құралдарының сұлбасы үшін анықтамалық жүктеме класы [1];

ЭН3: Нұсқаулыққа сәйкес үш осьті көлік құралдарының сұлбасы үшін эталондық жүктеме [1];

Н-18: Жобалау нормалары бойынша автомобильдерден нормативтік жүктеме 1953 ж. (Н 106-53) [2];

Н-30: Жобалау нормалары бойынша автомобильдерден нормативтік жүктеме 1962 ж. (ҚН 200-62) [3];

А11, А8: ҚНЖЕ 2.05.03-84* [4] нормалары бойынша АК жүктеме жолақтары түріндегі нормативтік жүктемелер;

НК-80, НГ-60: ҚНЖЕ 2.05.03-84*[4] нормалары бойынша ауыр көлік құралдарының нормативтік жүктемелері.

5 Жалпы ережелер

5.1 Көпір құрылысының техникалық жай-күйін бағалау кезінде негізгі қасиеттер ретінде қауіпсіздік (пайдалану қауіпсіздігі), жүк көтергіштігі (сенімділік) және беріктік қабылданады.

Осы қасиеттердің белгілі бір уақыт кезеңінде олардың функционалдық мақсатына сәйкестік дәрежесіне, сондай-ақ ақаулардың болуын және даму дәрежесін ескере отырып, техникалық жай-күйді тиісті бағалау тағайындалады.

5.2 Ережеде қарастырылатын қасиеттердің әрқайсысы бойынша техникалық жағдайды бағалаудың алты балдық жүйесі қабылданды.

5.3 Техникалық жай-күйді бағалау негізінде жекелеген сипаттамалар бойынша жалпы балдық баға беріледі және көпір құрылысы техникалық жай-күйдің алты санатының бірі бойынша жіктеледі.

Көпір құрылысының техникалық жай-күйінің жалпы балдық бағасының әртүрлі техникалық жай-күй түрлеріне сәйкестігі 1-кестеде көрсетілген.

ВЕЖ 7.2-002-2024**350.004**

5.4 Көпір құрылысының техникалық жай-күйін бағалау ҚР СТ 1856 және ҚР ЕЖ 3.03-113 ескеріле отырып, көпір құрылыстарының өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде зерттеу нәтижелері негізінде тағайындалады.

Үлкен көпірлердің (ұзындығы 100 м – ден астам) техникалық жай-күйін тексеру мерзімін 5 жылда кемінде 1 рет, ал қалған көпірлерді - 10 жылда кемінде 1 рет жүргізеді.

5.5 Нысанның техникалық жай-күйін объективті бағалау үшін зерттеу нәтижелері барынша шынайылықты қамтамасыз етуі қажет.

Көпір құрылысының техникалық жай-күйін бағалау тәртібі А қосымшасында келтірілген.

5.6 Әрбір қасиет бойынша техникалық жай-күйді бағалау сәйкестіктің сапалық шарттарын ескере отырып, бірқатар көрсеткіштер мен параметрлер негізінде айқындалады. Осы көрсеткіштердің немесе параметрлердің әрқайсысы көпір паркін пайдалануды басқарудың әртүрлі міндеттерін шешу үшін, мысалы, жөндеу жұмыстарына басымдық беру үшін көпір құрылыстарын техникалық жағдайдың бір санаты бойынша саралауға мүмкіндік береді.

Ұзақ мерзімділік, әр көпір құрылымын бірнеше жүйелерден тұратын күрделі техникалық нысан ретінде қарастырған жөн, олардың әрқайсысы жеке функцияларды орындау үшін құрылымдық және/немесе функционалды түрде біріктірілген элементтер жиынтығы.

1-кесте - Көпір құрылысының техникалық жай-күйінің балдық бағасының техникалық жай-күй түрлеріне сәйкестігі

Баллдық баға	5	4	3	2	1	0
Техникалық жпй-күй	Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	Қалыпты пайдалану үшін жарамсыз (апат алдындағы)	Апаттық
Техникалық жай-күйдің түрі	Жарамды		Жарамсыз			
	Жұмысқа жарамды			Жұмысқа қабілеттілігі шектеулі	Жұмысқа жарамсыз	
						Шекті

5.7 Негізгі тірек құрылымдарының жай - күйі пайдалану қауіпсіздігі, сенімділік (жүк көтергіштігі) және беріктік тұрғысынан бағаланады, ал негізгі тірек емес құрылымдар мен қосалқы құрылымдар тек қауіпсіздік пен беріктік тұрғысынан бағаланады.

5.8 Пайдалану үдерісінде пайдалану қауіпсіздігінің, жүк көтергіштігінің және ұзақ мерзімділігінің қажетті деңгейін ұстау, жөндеу, күрделі жөндеу және (немесе) қайта құру кіретін түрлі іс-шаралармен қамтамасыз етеді және қолдайды.

6 Көпір құрылыстарын тексеру кезінде ақауларды анықтау

6.1 Ақаулар жобалық қателіктердің салдары болуы мүмкін (жобалық ақаулар), өндіріс, құрылыс сатысында (құрылыс ақаулары) немесе пайдалану кезеңінде (пайдалану ақаулары) пайда болуы мүмкін. Өндірістің немесе құрылыстың ақауы нысанның техникалық жай-күйі параметрінің мәнінің технологияның бұзылуынан, оның кемшіліктерінен және құрылыс немесе жөндеу жұмыстарын орындау кезеңіндегі басқа да себептерден туындайтын өндіріске, құрылысқа қойылатын талаптарға сәйкес келмеуін білдіреді. Пайдалану кезінде пайда болған ақау - бұл нысанның техникалық жай-күйі параметрінің нақты мәні белгіленген шекті рұқсат етілген мәндерден шыға отырып, техникалық жай-күйді бақылау кезінде тіркелген жинақталған зақым. Сондай-ақ, тозудың табиғи үдерістеріне, физикалық тозуға, ескіруге, сыртқы ортаның теріс әсеріне, сондай-ақ моральдық тозуға байланысты пайдалану кезінде пайда болған деградациялық ақаулар бар.

6.2 Кешенді тәуекел бойынша осы ақаудың маңыздылығын, техникалық жай-күйдің негізгі қасиеттері мен көрсеткіштеріне әсерін көрсететін, сондай-ақ осы ақаудан болатын болжамды залалдың сапалық бағасын көрсететін жіктеу тобы ақау санаты деп аталады.

6.3 Көп жағдайда жалпы түрдегі ақаулар:

- әртүрлі жобалық ақаулар, сондай-ақ құрылымның моральдық тозуынан туындаған құрылымдық ақаулар және т.б.;

- көпір саңылауының және су ағынын, мұзды өткізу үшін құрылымдардың көтерілуінің жеткіліксіздігі;

- құрылымдардың жақындау габариттерінің, көпір асты габариттерінің, жүру және жүру бөлігінің габариттерінің автожолды дамыту нормаларына, жобасына, перспективаларына сәйкес келмеуі;

- геометриялық өлшемдердің, құрылымның геометриялық пішінінің, кеңістіктегі жағдайдың, элементтер мен бөлшектер құрылымдарының өзара орналасуының нормалар мен жобалау талаптарына сәйкес келмеуі;

- құламалардың нормалар мен жобалық талаптарға сәйкес келмеуі;

- нормалар мен жобалық талаптарға жол берілмейтін элементтердің бетінде әртүрлі бұзылулардың болуы;

- қолданылған материалдардың, олардың сипаттамаларының нормалар мен жобалау талаптарына сәйкес келмеуі;

- нормалар мен жобада көзделген элементтер мен бөлшектердің, сондай-ақ оларды бекітудің болмауы;

- құрылымдардың, элементтердің типтері мен әртүрлі сипаттамаларының нормалар мен жобалық талаптарға сәйкес келмеуі (жеткіліксіз энергия сыйымдылығы, су өткізбейтін, кедір-бұдыр, адгезия және т.б.);

- құрылыс жұмыстарының сапасыз орындалуынан туындаған құрылыс ақауларының әртүрлі түрлері (технологиялық жарықшақтар, қуыстар, қосындылар, бос орындар, өңделмеген тесіктер, сапасыз тұтастырулар және т.б.);

- құрылымдар мен жеке элементтердің қаттылығының жеткіліксіздігі;

- динамикалық сипаттамалардың нормалар мен жобалық талаптарға сәйкес келмеуі;

- құрылымның, құрылымдардың рұқсат етілгеннен асатын жалпы деформациялары (иілулер, қисаю, иілу, қисаю, қиғаштану және т.б.);

- жеке элементтер мен бөлшектердің жергілікті деформациясы (ығысу, дөңес, қисықтық және т.б.);

- құрылымдардың ластануы, сулануы, қардан ластануы, құрылыста «граффити» және бөгде заттардың болуы;

ВЕЖ 7.2-002-2024

350.004

- құрылымдық элементтердің қосылыстары мен біріктірулерінің бұзылуының әртүрлі түрлері;

- бұзылу, сыну, тұрақтылықтың жоғалуы, үзілу, элементтердің, бөлшектердің құлауы;

- пайдалану кезеңінде деградациялық үдерістерден, механикалық және химиялық әсерден туындаған ақаулардың әртүрлі түрлері (күш, шаршау жарықшақтары, сынықтар, қуыстар, қатпарлану, тоттану, ағып кету, сілтілеу, бетонның карбондалуы, бетондағы хлоридтің жоғарылауы, ағаштың шіруі, тотқа қарсы жабынның зақымдануы, эрозия, шөгү және т.б.);

- әртүрлі жабдықтар мен механизмдердің ақаулары (су бұру, сейсмикаға қарсы, қорғаныс, электр жарықтандыру, қарау, бақылау-габариттік, дабыл беру, ажырату және т.б.);

- көпір құрылысына жататын жол белгілері мен жол белгілерінің ақаулары.

6.4 Тексеру кезіндегі ақаулар еркін нысанда немесе алдын ала дайындалған бланкілерде жазылады.

Ақаулар анықталған кезде ақаулардың атауы, олардың орналасу орындары және қажетті параметрлер жазылады.

Далалық жазбаларда, қажет болған жағдайда, анықталған ақаудың пайда болу себебін, ақаудың әсер ету дәрежесін (санатын), қауіпсіздікке, беріктікке жүк көтергіштігіне, ақауды жою тәсілдеріне және т.б. көрсетеді.

6.5 Қажет болған жағдайда бақылау өлшеулерін жүргізеді, ақаулы телімдердің сипаттамаларын, сызбаларын, фотосуреттерін, ақаулардың орналасу сұлбаларын т.б. жасайды және

Ақаулар параметрлерінің мәндерін анықтау үшін қажетті өлшеулер ГОСТ 26433.2, ГОСТ 26607 талаптарын сақтай отырып орындалады. Бұл жағдайда әртүрлі құрылыстар мен құралдар қолданылады, мысалы, нивелирлер, жарық өлшегіштер, өлшегіштер, сызғыштар, калибрлер және т.б.

6.6 Құрылыстың жобаға және нормативтік талаптарға сәйкестік дәрежесін бағалау үшін, атап айтқанда ҚР СТ 1412, ҚР СТ 2983, ГОСТ 26775, ГОСТ 31994, ГОСТ 33383, ГОСТ 33475, ҚР ЕЖ3.03-112, ҚР ЕЖ 3.03-113, ҚР ЕЖ 1.03-103, ҚР СТ 1379, ҚР СТ 1125, көптеген жағдайларда аспаптық және құралдық өлшеулер қажет, мысалы:

- өлшемдерді өлшеу, олардың сәйкестігін тексеру;

- құрылымдардың, элементтердің, элементтердің бөлшектерінің, элементтердің қималарының негізгі геометриялық өлшемдерін өлшеу (өлшеу жұмыстары), олардың сәйкестігін тексеру;

- еңістерді өлшеу, олардың сәйкестігін тексеру, су бұру жағдайларын бағалау;

- элементтер мен құрылымдардың пішіні мен орналасуын өлшеу, олардың сәйкестігін тексеру.

Аспаптық және құралдық өлшеулерді ескере отырып орындау керек ҚР ЕЖ 3.03-113 және [5] ескеріліп орындалады.

6.7 Ақауларды анықтау бойынша дала жұмыстарының нәтижелерін камералдық өңдеу кезінде:

- нәтижелерді статистикалық өңдеуді орындау;

- ақаулардың өршу дәрежесінің параметрлерін анықтау немесе нақтылау, олардың қауіптілік дәрежесін бағалау;

- негізгі тірек құрылымдары мен элементтері материалдарының нақты сипаттамаларын анықтау;

- пайда болудың ықтимал себептерін анықтау, ақаулардың пайда болу себептерін талдау;

- құрылыс бойынша және оның астындағы көлік құралдары мен жаяу жүргіншілердің қозғалыс жағдайларын анықтау, олардың белгіленген талаптарға сәйкестігін бағалау, қауіпсіз қозғалыс жылдамдығын анықтау;

- ақауларды жою бойынша ұсыныстар әзірлеу;

- тексеру кезінде алынған деректерді ескере отырып, құрылыстың жүк көтергіштігін есептеуді орындау.

6.8 Ақауларды анықтау нәтижелері тексеру туралы есепті құжаттарда келесі түрде ұсынылуы мүмкін:

- ақаулар туралы мәліметтер;

- ақаулардың орналасу сұлбалары;

- ақаулы телімдердің фотосуреттері;

- ақауларды, ақаулардың параметрлерін, олардың пайда болу себептерін, одан әрі өршу кезіндегі қауіптілік дәрежесін, оларды жою тәсілдерін және т.б. ауызша сипаттау;

- ақаулардың эсызбалары;

- зертханалық зерттеулердің нәтижелері;

- көпір құрылысының жұмысына ақаулардың әсерін есептік бағалау нәтижелері (жүк көтергіштігін есептеу);

- ақауларды жою бойынша әзірленген ұсынымдар.

6.9 Ақаулар тізімдемесін жасау кезінде А қосымшасына [6] сәйкес ақаулар каталогын және В қосымшасына [6] сәйкес ақаулар каталогына көпір құрылыстарының құрылымдары мен элементтерінің тізбесін пайдаланады.

Ақаулар каталогы көпір құрылыстарын зерттеу тәжірибесін көрсетеді, бірақ тізімге енгізілмеген ақауларды және (немесе) құрылымдарды анықтауды жоққа шығармайды. Мұндай жағдайларда ақауларды бағалауды осы құжатта баяндалған қағидаттарға сәйкес орындау ұсынылады.

Ақаулар тізімі, әдетте, тексеру туралы есеп беру құжаттамасының міндетті құрамдас бөлігі болып табылады.

7 Параметрлерді анықтау және ақаулар санаттарын тағайындау

7.1 Көпір құрылыстарын тексеру нәтижелері бойынша бар ақауларды жіктеуді ҚР ЕЖ 3.03-113, [6] және [7] ескеріле отырып, [8] сәйкес техникалық жай-күйді бағалау үшін жеткілікті көлемде орындайды.

7.2 Ақауларды сипаттау үшін жіктеу кезінде келесі негізгі сипаттамалар мен параметрлер қолданылады:

- ақаудың атауы;

- құрылымдағы ақаудың орналасуын оқшаулау;

- ақаудың өршу дәрежесінің анықтаушы параметрлері;

- ақаудың өршу дәрежесінің қосымша параметрлері;

- қауіпсіздік бойынша ақау санаты;

- беріктігі бойынша ақау санаты;

- жүк көтергіштігі бойынша ақау санаты;

- жөндеуге жарамдылығы бойынша ақау санаты;

- ақау туралы түсініктемелер және басқа да қажетті ақпарат.

7.3 Ақаудың атауы ақаудың түрін көрсетеді және қажет болған жағдайда оның нақтылау белгілерін нақты құрылымға (құрылымдық элементке) байланыстырады. Ақаулардың атауларын еркін нысанда қалыптастыруға жол берілмейді. Ақаулардың атауын таңдағанда, ақаулар каталогында бар атауларды ғана пайдалану керек. Қажет болған жағдайда ақаудың атауын нақтылайтын, анықтайтын немесе толықтыратын ақпаратты қосымша ақпаратқа арналған ұяшыққа бөлек орналастыру керек.

7.4 Құрылымдардағы ақаудың ықтимал орналасуын оқшаулау Б қосымшасында [6] келтірілген көпір құрылыстары құрылымдарының тізбесін ескере отырып беріледі. Құрылымдағы немесе элементтегі ақаудың орналасуының сипаттамасы толықтырылады және еркін нысанда нақтыланады.

7.5 Ақаулардың анықтаушы параметрлері нақты жағдайға байланысты ақаулар каталогындағы тізімдерден таңдалуы керек. Ақаулардың анықтаушы параметрлері сандық және сапалық болуы мүмкін, мысалы, мөлшері, таралу аймағы, өршу дәрежесі, нормативтік талаптарға сәйкессіздік дәрежесі, әртүрлі қасиеттер мен көрсеткіштерге әсер ету дәрежесі;

7.6 Ақаудың өршу дәрежесінің қосымша параметрлері нақтылау болып табылады. Ақаудың түріне және нақты жағдайға байланысты бұл параметрлер кез-келген қажетті ақпаратты қамтуы мүмкін және ақаудың сандық көрінісін, ақаудың мөлшерін, ақаудың таралу аймағын, ақаудың даму бағытын және т.б. нақтылай алады.

7.7 Ақауларды жіктеу және техникалық жай-күйін бағалау кезінде көпір құрылысы бірнеше жүйелерден (құрылымдардан) тұратын күрделі техникалық нысан ретінде қарастырылады, олардың әрқайсысы кейбір қажетті функцияларды орындау үшін құрылымдық және (немесе) функционалдық біріктірілген элементтер жиынтығы болып табылады.

Көпір құрылымының құрылымдары негізгі және негізгі емес құрылымдарға бөлінеді.

Көпір құрылысының негізгі құрылымдарына көпір төсемі, аралық құрылымдар, тірек бөліктері, олардың іргетасы бар тіректер және көпір құрылысының кіреберістермен түйісуі жатады. Бұл жағдайда аралық құрылымдар, тірек бөліктері, тіректер тұрақты және уақытша жүктемелерден күшті қабылдайтын негізгі тірек құрылымдары болып табылады.

7.8 Негізгі құрылымдардың көптеген элементтері негізгі топқа жатады, оларда ақаулардың болуы тұтастай алғанда құрылыс үшін беріктігі бойынша ақаулық параметрінің базалық деңгейін анықтайды [8]. Алайда, негізгі құрылымдардың элементтерінің арасында ақаулардың болуы тұтастай алғанда құрылымның беріктігі бойынша ақаулық параметрінің базалық деңгейін анықтай алмайтын элементтер бар. Мұндай элементтерге, мысалы, қауіпсіздік қоршаулары, көпір төсемі элементтерінің құрамынан жолдың жабыны немесе ферма астындағы алаңның немесе тіреу тірегінің призмасы жатады. Негізгі құрылымдардың құрылымдық элементтеріне қосымшада, тұтастай алғанда құрылыс үшін беріктігі бойынша ақау параметрінің базалық деңгейін анықтай алмайтын ақаулардың болуы курсивпен көрсетілген.

7.9 Көпір құрылысының негізгі емес (қосалқы) құрылымдарына су бұру жүйесінің құрылымдары, пайдалану жайластырулары, коммуникацияларды төсеуге арналған құрылыстар, қорғау жүйелері - реттеу құрылыстары, мұз кескіштер, бекіністер, сейсмикаға қарсы жайластырулар, тазарту құрылыстары және [8] және Б қосымшасына [6] сәйкес өзге де жүйелер жатады.

Көпір құрылысының негізгі және негізгі емес (қосалқы) құрылымдарының және олардың элементтерінің каталогтары Б және В қосымшаларында келтірілген.

7.10 Қауіпсіздікке (пайдалану қауіпсіздігіне), сенімділікке (жүк көтергіштігіне) және беріктікке әсер ету дәрежесі ақау санатымен көрсетіледі.

Көпір құрылыстарында қауіпсіздік пен беріктік бойынша ақаулардың бес санатын [9] сәйкес ажырату керек: елеусіз (0 санат), шамалы (1 санат), маңызды (2 санат), қауіпті (3 санат) және сыни (4 санат) ақаулар.

7.11 Елеусіз және шамалы ақаулар көпір құрылысының қалыпты жұмысына кедергі келтірмейді және ақаулы жағдайға әкелмейді. Бұл ретте елеусіз ақаулар міндетті түрде жойылуға жатпайды.

7.12 Негізгі құрылымдарда елеулі және қауіпті ақаулар болған кезде құрылымның пайдалану сипаттамалары және құрылымдардың немесе элементтердің беріктігі

айтарлықтай нашарлайды және құрылым, әдетте, ақаулы күйге ие болады. Негізгі құрылымдарда қауіпті ақаулардың болуы қалыпты пайдалану үшін жарамсыз және нысанның апат алдындағы жағдайына әкелуі мүмкін.

7.13 Егер сыни ақау болса, құрылым функционалды түрде мақсатына сай пайдалануға жарамсыз болады. Негізгі құрылымдардағы сыни ақауларды жоймай құрылымды одан әрі пайдалану көпір құрылысында сыни істен шығуға, құрылымның, оның бөлігінің немесе құрылымдық элементтің беріктігін, тұрақтылығын, сенімділігін жоғалтуға немесе төмендетуге әкеп соғуы мүмкін.

Құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындау сатысындағы маңызды ақаулар - бұл құрылыстың, оның бір бөлігінің немесе құрылымдық элементінің функционалды жарамсыз және беріктік пен тұрақтылық шарттары бойынша жұмыстарды одан әрі жүргізу қауіпсіз емес немесе осы сипаттамалардың төмендеуіне әкелуі мүмкін ақаулар

Пайдалану үдерісі. Сыни ақау кейінгі жұмыстар басталғанға дейін немесе басталған жұмыстар тоқтатыла тұра сөзсіз жойылуға тиіс.

7.4 Қауіпсіздік ақауының санаты ақаудың қауіпсіздікке әсер ету дәрежесін көрсететін Б әріптік индексмен, мысалы, Б1, Б3 және 0-ден 4-ке дейінгі цифрлық индексмен белгіленеді.

7.15 Беріктігі бойынша ақау санаты Д әріптік индексмен, мысалы, Д2, Д4 және 0-ден 4-ке дейінгі цифрлық индексмен белгіленеді, ол ақаудың беріктікке әсер ету дәрежесін көрсетеді.

7.16 Ақауының, жүк көтергіштігінің санаты ақаудың жүк көтергіштігіне әсерінің болуын білдіретін Г әріптік индексмен белгіленеді. Ақаудың жүк көтергіштігіне әсер ету дәрежесі қолданыстағы нормаларға сәйкес орындалатын тексеру есептеулерімен белгіленеді. Егер ақау жүк көтергіштігіне әсер етпесе, онда мұндай ақауға Г әріптік индексі берілмейді.

7.17 Жөндеуге жарамдылығы бойынша ақау санаты Р әріптік индексмен, мысалы, Р0, Р2 және 0-ден 4-ке дейінгі цифрлық индексмен белгіленеді, ол жөндеуге жарамдылық дәрежесін көрсетеді және жол саласында қабылданған күрделі жөндеу, жөндеу және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстардың жіктелуіне сәйкес ақауды жою бойынша жөндеу әсерінің түрін білдіреді. Р0 санаты елеусіз және шамалы ақауларға тағайындалуы мүмкін, оларды жою қажет емес, жөнсіз немесе қиын.

7.18 Ақаулар каталогында (А қосымшасы [6]) белгілі жағдайлардың көпшілігіне сәйкес келетін орташа санат мәндері болып табылатын қауіпсіздік, беріктік және қызмет көрсету бойынша ақаулар санаттарының ұсынылған мәндері берілген. Кейбір нақты жағдайларда ақаулар санаттарының сараптамалық мәндері каталогта ұсынылған санаттардың мәндерінен бір немесе басқа бағытта өзгеруі мүмкін. Бұл ретте тексеруді орындайтын білікті маман каталогта ұсынылатын санат мәнінен ерекшеленетін өзінің санаттағы сараптамалық мәнін тағайындауға құқылы.

7.19 Ақаудың сараптамалық санаттарын тағайындау кезінде бірнеше факторларды кешенді түрде ескеру қажет, мысалы, ақаудың пайда болу уақыты мен ықтимал себептері, оның өршу жылдамдығы, ықтимал салдардың қаупі, ақауды жоюдың қиындығы және т.б. Қажет болған жағдайда ақау туралы осы және басқа да қосымша ақпарат ақаулар тізімдемесі, техникалық паспорттың түсіндірме жазбасында немесе тексеру туралы есепте келтірілген. Мысалы, пайда болуының мүмкін себептерін, пайда болу уақытын, дамудың мүмкін жылдамдығын, ақаудың дамуының ықтимал салдарын және т.б.

8 Көпір құрылымының көліктік-пайдалану жай-күйін бағалау

8.1 Көпір төсемесінің құрылымдық элементтерінің жай-күйінің көліктік-пайдалану көрсеткіштері

ВЕЖ 7.2-002-2024**350.004**

8.1.1 Осы ережелермен нормаланатын көліктік-пайдалану көрсеткіштері [10] болып табылады:

- қауіпсіз қозғалыс жылдамдығы [V], шк/сағ;

- осьтік жүктемеге динамикалық коэффициенттің мәндерімен ұсынылған МС элементтерінің шамадан тыс жүктелу шамасы (1+μ) (Г қосымшасын қараңыз).

Қауіпсіз жылдамдық ретінде [V] 95% қауіпсіздікпен жеңіл автомобильдің максималды жылдамдығы қабылданды.

[V] және (1+μ) шамалары элементтердің тозу мөлшеріне байланысты. Қозғалыс жылдамдығын төмендетуді талап етпейтін жағдайда қауіпсіз жылдамдық ретінде белгілі бір санаттағы жол бойынша қозғалыстың есептік жылдамдығы қабылданады.

Көпір құрылыстарындағы қоршау құрылғыларының тозуы Д қосымшасына сәйкес анықталады.

8.1.2. Қауіпсіз жылдамдықтар мен шамадан тыс жүктемелердің мәндері көпір төсемесінің әртүрлі элементтері үшін 2 – 6-кестелерінде келтірілген.

2-кесте - Жамылғы

Тозу, %	0-20	30	40	50	60	70	80	>80
[V], шк/сағ	≥150	120	100	80	60	40	20	10
1+μ	1,0+1,1	> 1,1; ≤ 1,25		>1,25; ≤ 1,6		> 1,6; ≤ 2,0		> 2,0

3-кесте – Су бұру жүйесі

Тозу, %	0-40	50	60	70	100
[V], шк/сағ	V _p	70	60	40	20

4-кесте – Көпірдің кіреберіспен түйісуі

Тозу, %	10	20	40	50	60	70	80	>80
[V], шк/сағ	≥150	130	100	70	50	30	20	0+10
1+μ	1,0-1,1	> 1,1; ≤ 1,25		1,25-1,6		> 1,6; ≤ 2,0		-

5-кесте - Деформациялық жіктер (түрлі ұзындықтағы аралық құрылыстар үшін L)

Тозу, %		0-20	40	60	80	>80
[V], шк/сағ	L ≤ 100м	V _p	100	80	60	40
	L до 200м			60	40	30
	L > 200м			50	30	10
1+μ		1,0+1,1	> 1,1; ≤ 1,25	> 1,25-≤ 1,6	> 1,6; ≤ 2,0	2,2

6-кесте - Қоршау

Тозу, %	0-20	50	100
[V], шк/сағ	V _p	0,7 V _p	20

4.1.3. 2-6-кестелерде келтірілген тозу көрсеткіштері арасындағы аралықтағы [V] мәндері интерполяция бойынша қабылданады.

Динамикалық коэффициенттердің мәндері 7-кесте шарттарына сәйкес элементтердің беріктігін есептеуде қолданылатын анықтамалық автомобиль көліктерінің осьтік жүктемелеріне берілген.

7-кесте - Динамикалық коэффициенттердің мәндерін пайдалану

Зақымдалған элемент	(1+ μ) элементтердің беріктігін есептеуде ескеріледі
Жамылғы (2-кесте)	Жүру бөлігінің тақтасы (тақта) Жабын
Түйісу (4-кесте)	Өтпелі тақта Тақтаның (жабынның) шеткі жақтары
Деформациялық жіктер (5-кесте)	Деформациялық жіктер Тақтаның (жабынның) шеткі жақтары

8.2. Бойлық пішін мен габарит жай-күйінің көліктік-пайдалану көрсеткіштері

8.2.1. Бойлық пішін

8.2.1.1. Бойлық пішіннің қозғалыс жағдайына әсері автомобильдердің тік үдеулерінің пайда болуынан және соның салдарынан жүк көтергіш құрылымдарға қосымша жүктемелерден көрінеді. Тіректердің үстіндегі сыну бұрыштары болған кезде қозғалыс тегістігінің бұзылуынан болатын шамадан тыс жүктемелер жүру бөлігінің тақтасымен және ұзындығы 45 м дейінгі тірек құрылымдарымен (арқалықтармен, такталармен) қабылданады, бұл ретте сыну бұрыштарының артуымен өзгермейтін жылдамдықта динамикалық коэффициент артады немесе рұқсат етілген (қауіпсіз) жылдамдық төмендейді, онда шамадан тыс жүктеме мөлшері өзгеріссіз қалады.

8.2.1.2. Сынықтың әртүрлі бұрыштарындағы қауіпсіз қозғалыс жылдамдығының мәндері 8-кестеде келтірілген, ал қозғалыс жағдайлары (өлшемшарттар - тік үдеу), сыну жылдамдығы мен бұрыштары арасындағы байланыс сызба түрінде 1-суретте көрсетілген.

8-кесте - Жол пішініндегі сынықтардың әртүрлі бұрыштарында жылдамдықты шектеу

Қозғалыс шарты	[V], шк/сағ., сыну бұрыштарында ‰														
	7,0	7,5	8	9	10	11	12,5	17	20	25	30	35	40	45	50
Бірқалыптылық шегі ($\ddot{a}=0,25g$) (1+ μ)=1,25	≥150	120	100	80	75	70	60	40	30	20	10	-	-	-	-
$a=0,6g$ (1+ μ)=1,6		-	>15 0	15 0	13 0	12 5	11 0	85	75	55	45	3 5	25	20	-
Қауіпсіздік шегі ($\ddot{a}=1,0g$) (1+ μ)=2,0		-	-	>1 50	15 0	13 5	-	105	95	80	70	6 0	50	40	30

Ескертпе - Пайдаланылатын көпірлердегі сыну бұрыштары 1-2 м негізіндегі төрткілдеш--деңгейлер көмегімен немесе тірек осінің екі жағына 2 м қашықтықта белгілерді нивелирлеу арқылы анықталады.

1-сурет сызбаларының деректері мүмкіндік береді:

- әр түрлі санаттағы жолдардың бірқалыптығы бойынша қозғалыс жылдамдығын шектеу (1-жол);

ВЕЖ 7.2-002-2024


350.004

- сыну бұрыштарын азайтатын ұзақ деформациялар тоқтамаған құрылыстар үшін уақытша кезеңге арналған бірқалыптылық жағдайлары бойынша жылдамдықты 2 жылға дейін шектеуге (2-жол);

- құрылысты жөндеуге немесе қайта құруға дейінгі кезеңге құрылысты жабуға немесе көлік құралдарының уақытша бақыланатын қозғалысын ұйымдастыруға (3-жол).

8.2.2. Габарит

8.2.2.1. Қауіпсіз жылдамдық ұзындығы көпір құрылысының ұзындығының қосындысына және «тар» көпірдің әсер ету аймағына тең телімдегі қозғалыс жағдайларына сәйкес белгіленеді.



1-сурет – Пішінің сыну бұрыштары, ‰

Қауіпсіз жылдамдық мәндері 9-11-кестелерде келтірілген автомобильдердің әртүрлі нақты өлшемдері мен сағаттық қозғалыс қарқындылығы үшін. Бұл жағдайда [V] мәндері көпір құрылымының ұзындығымен ерекшеленетін үш жағдайға беріледі, атап айтқанда:

- $150 \geq L_M \geq 50$ м
- $L_M > 150$ м
- $L_M < 50$ м.

9-кесте – Бір жолықты көпірлер

Сағаттық қарқындылық, $N_ч$, авт./сағ.	Тәуліктік қарқындылық, $N_с$, авт./тәул.	[V] мәні, шк/сағ., нақты габариттерде, м			
		4,5	6,0	6,5	7,0
10	100	60/55	70	75	80
20	200	55/50	60/55	70	75
50	500	50/45	50/45	60/50	70

Ескертпке - Бөлгіште – ұзындығы 150 м-ден ұзын көпірлер үшін.

4.2.2.2. «Тар» көпірлердегі қауіпсіз қозғалыс жылдамдығының мәндері мыналар үшін қолданылады:

- «қауіпсіздік» өлшемшарты бойынша жағдайды бағалау;
- көпір құрылысындағы қозғалыс жылдамдығын шектеу;
- жөндеудің (күрделі жөндеудің) және қайта құрудың техника-экономикалық негіздемелерін орындау.

4.2.2.3. Көпір құрылысы бойынша қауіпсіз қозғалыс жылдамдығы

а) қысқы мерзімде (қысқы тайғақтық сипаттамасы бойынша),

б) 50%_о жоғары еңістерде,

в) жол дерекқорында мұндай ақпарат болмаған жағдайда (яғни Тапсырыс берушінің өтініші бойынша) жарықтандыру жоқ болған жағдайда белгіленеді.

10-кесте – Екі жолақты көпірлер

N _ч , авт./сағ.	[V] мәні, шк/сағ., көпірдің нақты габариттері 50-150 м болғанда							
	Г-6	Г-7	Г-7,5	Г-8	Г-9	Г-9,5	Г-10	Г-11,5
20	70	80						
50	65	80						
100	60	75	80	90	100			
200	55	70	80	90	100			
300	50	70	75	85	100	120		
400	45	65	70	85	100	120		
500	45	60	65	80	95	115	120	
700	40	55	65	75	90	110	120	120
1000	30	45	55	70	85	100	110	115
2000	20	35	50	60	75	90	105	110

Ескертпе - Ұзындығы 50 м-ден аз көпір құрылыстары үшін жылдамдық мәндері 10% - ға, ал ұзындығы 150 м-ден асатын құрылыстар үшін-15% - ға азаяды.

11-кесте – Көпжолақты көпірлер

Сағаттық қарқындылық N _ч , авт./сағ.	[V] мәні, бір бағытта әр түрлі жүру ені бар, м, ұзындығы 50-150 м көпірлер үшін						
	4,0	7,5	8,5	9,5	11,5	13,25	15,25
350	65	120					
500	60	110					
750	55	95	120				
1000	45	85	110	125	150		
1250	40	75	95	110	140	150	
1500	30	60	75	100	130	145	150
2000	10	40	55	70	105	125	150
Көпірлердің габариті, м	Г-8*	Г-15	Г-17	Г-19	Г-23 (2x11,5)	Г-26 (2x13,25)**	Г-30,5 (2x15,25)**

* Екі қозғалыс жолағы.

** Алты қозғалыс жолағы; қалғаны төрт қозғалыс жолағы.

Ескертпе - ұзындығы 50 м-ден аз көпір құрылыстары үшін жылдамдық мәндері 10% - ға, ал ұзындығы 150 м-ден асатын құрылыстар үшін-15% - ға азаяды.

8.3. Көлік-пайдалану жағдайына қойылатын талаптар

8.3.1. Пайдалану үдерісінде автомобильдердің бірқалыпты өтуін қамтамасыз ететін элементтердің жағдайы сақталуы керек.

Қауіпсіздік шегіне жетумен сипатталатын элементтер жай-күйі кезінде, егер қауіпсіздік шегіне элементтер қол жеткізсе, көпір құрылысы бойынша қозғалысты жабу шараларын қабылдайды:

- жамылғы - $I > 80\%$ жамылғы; жапқанға дейін $V = 10$ шк/сағ.;
- түйісу - $I > 80\%$; жапқанға дейін $V \leq 10$ шк/сағ.;
- су бұру жүйесі - $I > 80\%$; жапқанға дейін $V = 10$ шк/сағ.

Қозғалысты қалпына келтіру уақыты бұзылған телімнің ұзындығына немесе көпірдің ұзындығына, сондай-ақ қаржыландыру шарттарына байланысты белгіленеді және 1 айдан (ұзындығы 100 м-ге дейін) 3 айға дейін (ұзындығы 300 м) құрайды. Басқа ұзындықтар кезінде қалпына келтіру уақытының ұзақтығы құрылыс иесі айқындайтын арнайы комиссияның шешімімен айқындалады.

8.3.2. Қауіпсіздік шегі (шекті тозу) деформациялық жіктермен және қоршаулармен асып кеткен кезде жаңа құрылымдарды ауыстыру және орнату шаралары қабылданады. Деформациялық жіктер мен қоршауларды ауыстырғанға дейінгі кезеңде қозғалыс жылдамдығы 10 - 40 шк/сағ шамасымен шектеледі (8.4-кестені қараңыз) және 20 шк/сағ. (8.5-кестені қараңыз).

8.3.3. Арнайы нормативтік құжаттарға сәйкес көпірлердің жүк көтергіштігін анықтау кезінде 2-7-кестелерде келтірілген қосымша динамикалық әсерлер ескеріледі. Жүк көтергіштігі көрсеткіші бойынша құрылыстың жай-күйін бағалау элементтің жүк көтергіштігі класын белгілеу кезінде де, автомобильдердің шекті массасын немесе автомобиль осіне шекті жүктемені анықтау кезінде де қауіпсіз қозғалыс және шамадан тыс жүктеме жағдайларын ескере отырып беріледі.

4.3.4. ҚР ЕЖ 3.03-112 сәйкес жүру бөлігінің бойлық пішіні автомобильдердің есептік жылдамдықпен қозғалысының бірқалыптылығы қамтамасыз етілетін талаптарға жауап беруі тиіс. Атап айтқанда, есептік жылдамдықтар кезінде көпір құрылысының тіректерінен жоғары пішіндегі сыну бұрыштары 12-кестеде келтірілген мәндердің бірқалыптылығы шарттары бойынша аспауы керек.

12-кесте – Сыну бұрыштары

Жолдың санаты	Ia	I,б; II	III	IV	V
Есіпті жылдамдық	150	120	100	80	60
Бірқалыптылық шарттары бойынша сынудың рұқсат етілген бұрыштары (%):	8	8	8	9	13
- ұзақ деформациялар аяқталды	9	12	15	15	26
- ұзақ деформациялар аяқталмады					

Егер көрсетілген талап қамтамасыз етілмесе, рұқсат етілгенмен салыстырғанда қозғалыс жылдамдығын шектейді (төмендетеді) және пішіннің шамадан тыс нашарлау себептерін анықтау үшін көпірді тексереді. Тексеру нәтижелері бойынша сынықтарды жою жөніндегі шаралар туралы шешім қабылданады. Мұндай шараларға мыналар жатады:

- деформациялық жіктердің құрылымдарын өзгерту немесе ауыстыру;
- қосымша жамылғы қабатын төсеу арқылы пішінді тегістеу;
- сондай, тірек бөліктерін ауыстыру арқылы;
- жіктерді ауыстыру және пішінді бір уақытта тегістеу;
- пішінді тегістей отырып, аралық құрылысты күшейту.

Егер сыну бұрыштары қауіпті аймақта болған жағдайда, 1-суреттегі сызбаға сәйкес қозғалыс жылдамдығын шектей отырып, көпір құрылысын жөндеу, күрделі жөндеу немесе қайта құру туралы немесе көпір бойымен қозғалысты жабу арқылы мәселе шешілуі.

8.4. Көпір құрылысының көліктік-пайдалану жағдайын бағалау

8.4.1. Көліктік-пайдалану жай-күйін бағалау:

- қозғалыс қауіпсіздігі шарттарына сүйене отырып, құрылым қандай нормаланған күй тобына жататынын анықтау;

- көліктік-пайдалану жағдайын жақсарту үшін қандай шаралар қолдану керектігін белгілеу.

8.4.2. Құрылыстардың жай-күйін бағалауға және күтіп-ұстау және жөндеу жөніндегі жұмыстарды жоспарлауға жалпы тәсілге сәйкес көлік-пайдалану жай-күйі жай-күйдің бес санатының біріне жатқызылуы мүмкін (13-кесте).

13-кесте – Көпірдің әртүрлі жай-күйінің санаттары үшін қауіпсіз жылдамдық

Жолдың санаты	Есептік жылдамдық, шк/сағ.	Жылдамдық қауіпсіздігі [V], шк/сағ., жай-күй санаттарында				
		О	А	Б	В	Г
Ia	150	>150	150-130	130 > [V] ≥ 110	110 > [V] ≥ 40	<40
Iб, II	120	>120	120-100	100 > [V] ≥ 80	80 > [V] ≥ 30	<30
III	100	>100	100-90	90 > [V] ≥ 70	70 > [V] ≥ 25	<25
IV	80	>80	80-70	70 > [V] ≥ 50	50 > [V] ≥ 20	<20
V	60	>60	60-55	55 > [V] ≥ 40	40 > [V] ≥ 10	<10
Бағалау (бес балдық жүйе бойынша)		5	4	3	2	1

О - ыңғайлы жол жүру қамтамасыз етілген;

А - қозғалыс жылдамдығын төмендетуді қажет етпейтін қозғалыстың бірқалыптылығы қамтамасыз етілген («жақсы» бағасымен сипатталады);

Б - қозғалыс бірқалыптылығы қамтамасыз етілмеген, сондықтан қозғалыс жылдамдығын экономикалық тұрғыдан белгіленген деңгейге дейін төмендету қажет («орташа» бағалау);

В - қозғалыстың бірқалыптылығы қамтамасыз етілмеген және экономикалық тұрғыдан белгіленген жылдамдықтар қамтамасыз етілмеген, осыған байланысты қозғалыс жағдайлары «жоғары қауіптілік» ретінде сипатталады (бес балдық жүйе бойынша «қанағаттанарлықсыз» бағалау);

Г - «апаттық» (1 баға) көліктік-пайдалану жағдайы.

8.4.3. О және А санаттарына жататын жағдайда қозғалыс жылдамдығы төмендемейді. Көпірде күтім бойынша нормативтік жұмыстар орындалады.

В санатына жататын жағдайда қозғалыс жылдамдығы 13-кестеде көрсетілген шамаларға дейін шамалы шектеледі көпірде [11] құжатта көзделген алдын алу жұмыстар орындалады.

В санатына жататын жағдайда қозғалыс жылдамдығы айтарлықтай шектеледі. Көпірде қалпына келтіру жұмыстары - көпір төсемінің элементтерін жөндеу [11] сәйкес орындалады, бұл көпір құрылысын күтіп-ұстауға жатады (жоспарлы-алдын алу жұмыстары).

Г санатына жататын жағдайда қозғалысты ұйымдастыру қайта қаралады немесе көпір құрылысы бойынша қозғалыс жабылуы тиіс. Көпір төсемесінің элементтерін

